

**Құрал
ТОҚМЫРЗИН**

КЕРЗАМАН

Тарихи роман

Үшінші кітап

Алматы
“Қайнар”
2011

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 44
Т 53

*Қазақстан Республикасының
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитеті
«Әдебиеттің олеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»
багдарланағасы бойынша шыгарылды*

Токмырзин Қ.
Т 53 Керзаман: Тарихи роман. Үшінші кітап. /Құрал
Токмырзин. Алматы: “Қайнар” баспасы, 2011. –
336 бет.

ISBN 978-601-212-036-3

Жазушы Құрал Токмырзинның «Керзаман» тарихи романының үшінші кітабы Есет батырдың отарлаушылыққа қарсы қүресінің үшінші – бейбіт бағытқа ауысқан кезеңін қамтиды.

Бұл – батырдың жойқын қару-жаракқа қарсы тұра алмай, қыргынға ұшыраған көтерілісшілерді таратып, өз еркімен патша әкімшілігіне барып беріліп, бейбіт келісімге келуіне можбур сткен уақыт еді.

Россия патшасы II Александр бір топ қазак зиялымен бірге Есет батырды империя астанасы Петербургке жоне Мәскеуге саяхатка шақыртатыны да осы түс. Елге оралған соң Есет батыр біршама уақыт үкімет қызметінے тартылады. Бірақ ол омір бойы отарлаушылардың қазак ұлтын орыстандыруға, діні мен тілінен бәздіруге жасаған айла-шарғысына қарсы қүреседі.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 44

ISBN 978-601-212-036-3

© Токмырзин Қ., 2011
© “Қайнар” баспасы, 2011



I

Алшынның аруакты қонысы, ежелгі баталасар жайлауы Мәстағатта өткен жиын-тойда аксақалдар мен атакты ағалардан, ел анасы болған қариялардан бата алған Есет ендігі жерде жойқын қарумен қыр игілігін қыргынға ұшыратқан жоянға қарсылықты тоқтатып, арнамысын аяққа бастырмай мойын ұсынып, үрпакты ата-баба рухында өсіру ісін қолға алалық деген кеңеске үйіп еді.

Осы елдің бостандығы үшін арпалысумен сүйектері үгіліп, белдері бүгілген дана қарттар үрпакқа ата-баба дәстүрін ұмыттырмаудың ең бір өсерлі жолы тіл мен дінді өлсіретпеу, дәстүр мен салтты батыстан келе жаткан жаман өдөттерге былғамау, халықтың өн-күйіне келімсектердің келенсіз өүенін дарытпау деп тұжырымдаған.

Қазақ халқының батырлық жыр-дастандары, байқап отырған кісіге түгелімен дерлік батыстан тараған екен. Осының өзі кіші атаның үрпагы басқыншыларға қарсы талай ғасыр бойы қасықтай қанын аямай соғысқанына күә емес пе. Осы ата дәстүрді әркез үрпак есіне түсіріп, мақтандыш сезімін туғызу қажет делінген алқалы жиында. Бас-аяғы үш күнге созылған осы ойын-тойда «Едіге батыр» жыры әр киіз үйде айтылып, батыр бабалар рухы қайта тірілгендей болып еді.

Халық «Едіге жырын» тындау үстінде «ендігі Едігеміз – Есет батыр» деген тұжырымға анық үйірган. Алшынның атакты жыраулары Қобыланды батыр, Қарасай-Қази мен Мамай, Орактардың ерлігін егіле толғап, Қырымның қырық батырының аруақтарын тебірентіп, өздері де бір жасап қалған. Домбыраши күйшілер болса, Шыңғыс хан мен Жошы заманынан қалған төкле күйге басқан. Азаттық ансаған ел әр кез алқалы кеңеске жиналып, дана аксақалдарынан ақыл сұрап отырғаны тарих тағылымы. Міне, осы жиында сондай алқалы

кенестердің үлгі-өнегесін дәрілтеген күйлердің бір алуа-
ны әр заман кезеңі тудырған «Кенес» күйлері бол
келуші еді.

— Біздің елде «Кенес» күйінің әр кезеңде шығарылған
үш түрі бар екен, — дейді Әзберген. — Бірі сонау Жошы
хан заманында шығарылған-ау деймін. Одан беріде талай
кенестер өтті ғой. Бірі сонау Ақтабан шұбырынды кезінде
жоңғарға қарсы тізе қосып соғысу үшін батырлар мен
білер кенесін өткізгенде туса жон. Одан беріде Сырым
батыр Нұралы хан мен патшага қарсы халықты қотерген-
де шыққан-ау деймін. Одан беріде, анау жылдары біздің
ақсақалдар Арынгазыны хан сайлаймыз деп ақ патшага
арыз жазатын жылы шықса керек...

— Иә, ол да бір тарих екен-ау. Неге екенін қайдам,
халық Арынгазы хан болса, қазақ түбегейлі бостандық
алатындағы көрді. Алшынның алпыстан астам ақсақалы
І Александр патшага арыз жазған. Онда Арынгазыны
хан сайлауга рұқсат беруін, оның халықта тізе батыр-
май әділ билеуге қабілетті де, адамгершілігі де жететіні
дөлелденіп жазылған-ды. Сол пікір билеушілерге жақпа-
ды ма, патша үкіметі Арынгазыны Орынборга алдаш ша-
қырып алды да, жер аударды. Әлгінде жас күйшілердің
бірі сол күйді тартқанда, сол заманда арызға қол қойған
ақсақалдардың біразының көнілдері босап, көздеріне
жас алған.

— Атана лағнет ақ патша арысымызды, халықтың
қамын жейтін азаматымызды алдаш соғып көзін жойды.
Тұқымына күл шыққыр! — деп қарғыс айтқандар да бол-
ған.

Айдауда жүріп өлтін хан Нұралыны жүрт еске ал-
ғанмен, оған тап Арынгазыдай өкініш білдірген жоқ.
Азаттық үшін талай жыл арпалысқанда құрбан болған
ерлерді еске алысып құран оқылғанда хан-сұлтан ішінен
құрметпен еске түсірілгені тек Арынгазы еді. Домбыра-
шылар болса енді алқалы топ алдында «Арынгазы»
күйін аныратқан-ды.

Есет Перовскийдің орнына жаңадан келген генерал-
губернатор Александр Андреевич Катенин мырзадан
үкіметке өз еркімен берілу жөніндегі шақыртуды алған
соң алшынның ақсақалдарымен ақылдасқанда, олар ба-
тырдың бейбіт райға көшу ниетін құптаған. Ұзак жыл-
дар арпалысқанда қашшама құрбандық болды. Ендігі
жерде мағынасыз құрбандықты қойып, елге басшылық
жаса, билік айт, ағайын арасында әділдік орнат. Жарлы-

жақыбайларға, кешегі соғыста жесір қалған аналарға, жетім балаларға елден көмек үйімдастыр, жылу жина. Бұл зұлым құшті айла-амалмен алмасан, қара қүшпен жену киын. Жастарды орыс оқуына беру керек. Ілім-біліміне жетілсін. Түбінде бұл жойдасыз жоянды өзінің айла-тәсілімен ғана өлсіретесің!.. Әйтпесе, тырнағы мен тісіне дейін темір құрсаған тажалды қалай женбексің?

Аксақалдардың қойған сауалы да, болашаққа деген жоба-жоспары да осындан күрделі еді.

Жаңадан болған генерал-губернаторға бару үшін Есет тағы да ағайын алдынан өтті. Қасына кімдерді ертеді? Үкіметке басын иіп барғанмен, абыройын төкпеу керек. Үкімет тәртібіне сөзсіз бағына тұра, оған да шарт қойғаны жөн той. Салыкты жеңілдетіп, жер-суға еркін мал жайып, көшіп-қонғанда әскерилерден тосқауыл, тыйым болмасын. Әскерилер бейбіт көшкес үрініп, бала-шаға, кемпір-шалға, қарапайым шаруага үрінуды, тонауды тоқтатсын. Дінімізге, тілімізге, салт-тұрмысымызға, әдет-ғұрпымызыға тиіспесін. Бізге орталық Ресейдің тауарлары қажет. Сауда-айырбас ісіне әскерилер шектеу қоймасын. Анау Қөюжар жәрмеңкесі сияқты базарлар жалпы қазак-ка ашық болсын деген сияқты қыруар талап қелденеді. Батыр соның бәрін жаңа мансап иесіне шагым-өтініш ретінде жеткізгені жөн.

Батырдың қасына еретіндер саны отыз-қырықтан кем болмасын делиңген. Олар әйгілі батыр-қолбасшылар Қарағул, Әзберген бастаған жасамыстар тобы және Жорабай бастаған жастар еді. Иман мен Домалактар ат жайлап, тілмаштықпен жүруі тиіс. Бұлар Орынборға және салт бас, сабау қамшылы күйде бармайды. Біраз мал айдайды. Базарға өткізіп, қайтарда шай-су, қантын, мата бөзін ала келуі тиіс. Өйткені Есептің патша үкіметтің басшылығына қарсы талай жылға созылған үрісі қандай оқиға болса, енді оның үкіметпен бейбіт жағдайда кездесуі де сондай мәнді қадам. Оны кейін, елге оралғасын ағайындардың басын косып дастархан үстінде атаса орынды-дағы...

Үкіметке бағыну жоніндегі келіссөз басталғалы Есет бастаған шектілер бұрынғыша ала сүргін көшуді доға-рып, әркім өз конысы мен жайлауында еркін мал бағу шаруасына ауысқан. Бұрынғыдай емес, енді елге тұтқи-ылдан тап беретін солдаттар аяғы сиреген. Оқта-текте үкіметтің жандайшаптары ғана бір «маңызды» хабар жеткізгенсиді. Әйтпесе Ұлы Борсық сияқты киыр жат-

қан олкеге құйрықтарын ер қажап бірнеше күндік са-
парға шығуға кім құмартсын.

Нокерлерімен бірге Орынборға қарай жол тартқанда, Есет бірнеше күндік сапарда қона түстеніп, тынығып әрі бұрын дүрдараз болған ағайындардың кейбіріне сәлем беріп, өлісіне «қайырлы болсын!», тірісіне «күтты болсын!» деген тілек айтып, бата жасай жүруді де мақ-
сат еткен. Ана жылдағыдай емес, жолай торелердін ауылына да сокса, есен-саулық сұрасып, ескі жараны емдей жүрсе несі бар. Арыстан төре олтірілгелі оның казасын тек Есetten көрген ел батырдың есімін ағайын-
га үрейлі етіп таратуға улес қосқандай. Бұл заманда оны ақырет сапарына аттандырғандардың кімдер екені де ескіріп, естен емескілене бастаған-ды. Сонда да болса бар жаман атақ тек Есettің атына үйір-ақ еді.

Қасында қырық шақты нөкері бар Есettің қонақасы-
сын былайғы карапайым шаруа қинала көтерсе де сыр білдірмес еді. Қара шаруаны ондай шығынға батырғанша, жолшыбай төрелер мен сұлтандар ауылын сағалаған жөн-
дағы деп ойлаған батырлар ажалы Есетпен араздықтан boldы деп топшыланған Арыстан сұлтанның баласы Хан-
галидың ауылына үшінші құні ат басын тіреген.

Аға сұлтан боп қызмет істейтін Хангали бұлар ауыл сыртына келіп рұқсат сұрағанда, ауылда жоқ еді. Аға сұлтанның бойбішесі Есет батырдың тобын аса қуана қарсы алмаса да, сәлемдерін ізетпен қабылдап, дереу көрші ауылға ат шаптырған.

«Ордана Есет батыр нөкерімен келіп ошарылып жа-
тыр» деген хабарды естігенде, Хангали әрі таңданды, әрі қуанды. Таңданған себебі – атағы бүкіл Ресей империя-
сын тітіреткен батырдың бұны елеп, қонақасы жеу үшін бұрылғаны. Қуанған себебі – талайдан бермен бітеу жа-
рага айналып келе жатқан араздықтың осындай қадам арқылы аз да болса уыты қайтатыны.

Осындай еki оқты сезіммен ауылына көнілді оралған Хангали Есет батырды құрметті қонақындаған, тіпті жана-
шыр ағасындағы қарсы алды десе болатын.

– Ел ағасы Есет батыр келгенін жаксы ырымға жо-
рыдым, – деді есен-саулық сұрасқан соң. Қарағұл мен Эзберген және басқа да нөкерлер сұлтанның мұнысы өншейін жел сөзі ме деп ойладап қалған. Бірақ аға сұлтанның ендігі қадамы шын ықыласқа ауысқанын оның қонактарды бөліп-бөліп сый-құрмет көрсете бас-
тағанынан анық андалып еді.

Қырықтың үстіндегі қонаққа кой-қозы қайдан та-
мак болсын. Аға сұлтан жылқыдан семіз тай үстатьп
алдырып, бата сұраған. Құрметті қонақтар отырган орда
алдына жетелеп әкелінген жануар жарық дүниемен
коштасатынын білгендей, тыптыриши кісінеп түр екен.
Есет дәретін алып, дұға жасады да, бата қайырды.

Ханғали Есетпен бұрын кездесіп сыр мінез болған
жандай жайдары көрінді. Ұлы Борсық, Шалқар жағын-
дағы елдін амандығына қоса соңғы жылдары конторгай
боп қалған хал-акуалын да сұрастырып, сонын бәрі
елдегі тұрақсыздықтан гой дегендей ынгайда сөйлеген.
Бұл лебізде, әрине, сонын бәріне Есептің тікелей қаты-
сы барлығын да сездіргені сияқты еді. Есет болса аға
сұлтанмен сөз жарыстырыған жок. Өзін соншалықты
құрметпен қарсы алып жатқан кісінің қонақжайлышын
тәрк еткісі келмеген.

Ханғали болса шұбат пен қымыз ішү арасындағы ке-
несте Орынбордың жана генерал-губернаторынан естіген
жаналықтарын там-тұмдалап сыйзықтатқан. Онысы – таяу-
да сонау тұманды астана Петербордан бір жарлық
келетінге үксайды. Ол қазак даласының атакты адамда-
рына орыс астанасын тамашалауга, саяхат жасауға үкімет
аса назар аударып отырганы. Егер сол еміс-еміс хабар
шындыққа айналса, ол жаққа Есет батырды да шакыруға
тиіс сияқты екен. Генерал-губернатордың жобалауынша,
«Киргиз-кайсак даласының атакты адамдарына» әрине
Есет батыр да косылады гой деген жоба.

Есет, әрине, Ханғалидын бұл емескі хабарына қуана
көйған жок. Бірақ казак жерін жаулап алушылар «атак-
ты адамдарды» ел аралатуға неге сонша құмарта қалды
екен?» деген сұрақ ойландыра берді.

– Эй, сол басқыншылар бізді қай бір жарылқайын
деп отыр дейсін! – деп құдік-құмәнін ашық айтқан.

– Қанша айтқанмен, енді Ресей патшасы біздің қо-
жайынымыз гой. Орыстың өнері мен зауыттарын көрсін
дейтін шығар, – деп Ханғали құлді. – Олар өлемге
өмірін жүргізген, қуатты ел гой. Олардың қуатты болға-
ны бізге де жақсы емес пе.

– Ханғали-ау, олардың құннен-құнгеле зорманға айнал-
ғанынан көріп отқан жоқпыз ба көресіні? Оның несі
куаныш, несі мақтаныш? – деді Есет қабағын шытып.

Ойында «Е, бишара төре, сен гой баяғы дүние жүзін
дірілдеткен Шынғыс ханның үрпағысың. Бір кезде табан
жалағанын мәртебе көрген елдің табанын енді Шынғыс

Үрпағы сен жалап отырсын. Соған да масаттанасың-ау» дегелі оқталған. Бірақ ол ойындағы сөзін айтпады. Бір сапарға сұлтанның келенсіздігін кешірген.

Ханғали Есеттің үкіметке өз еркімен берілуге бара жатқанын, өрине, білді. Оған елдік намысы келу орнына біртүрлі қуанғандай. Соны сезген Есет «Осы ханторелер туқымында елдік, үлттық ар-намыс жоғалғаны ма?» деген оймен құлазып та қалған.

Анада Жорабай қалындығын алуга барған тойда төрелден «Қазак өлі үлт болып қалыптаспаған ел ғой» деген бір тұжырымды естігенде Есет қатты ашуланып: «Үлтқа кірігіл, бірігіл болмаған, хан тұжырымдары, сендер шығар. Әйтпесе қазак үлт болып қалыптасқалы үштөрт гасыр өткен» деп, оған дәлел ретінде жонғарлармен үш гасыр соғысқанда елдігі мен үлттығын, бостандығын сақтап қалғандығын алға тартқан. «Сол заманда, казак Ақтабан шұбырындыға ұшырап жатқанда, сарбаздарға бас қолбасшы болған Әбілқайыр бабанды қалай ұмыта қалғансын?» деген сауалмен өлті жалаға тойтарыс беріп еді. Есеттің уәжінен жеңілген төрелер сол сапар үндей алмай қалып, шындыққа мойынсұнғандарын сездірген. Одан беріде мына Ханғалидың пікірі мынау. Не деген парықсыздық, не деген намыссыздық! Қанша гасыр өтсе де, бұлардың қан-жыны казақлен қанша рет араласса да ортақ намыс, ортақ ар-кор, мақтаныш деген сөүлелеріне қонбағаны ма, сірө?

Дегенмен Ханғали Есет тобын ықыласпен күтті. Құрметтеп, басты адамдарына шапан жапты. Есетке бір мактаулы атын сыйға тартты. Осының бәрі батырды шын мойындағаны болатын. Ұшқары пікірі үшін ашу шакырудың реті жоғын Есет те түсінген. Әлі жас қой, оның үстіне қаратабан шаруа емес, уызына жарып өскен хан туқымы. Ел мен үлттың қадырын қайдан білсін.

II

Есет біраз заманнан бермен өзі «жын-перінің үясы» деп атаған Орынборды көрмеген. Оған себеп – оның патша үкіметтің басқыншылығына қарсы қол жинап соғысқаны, үкіметтің жандайшап қолшоқпары Перовскийдің батырды тұтқындал, Ібір-Сібірге айдамақ болғаны-дағы. Әйтпесе, қарапайым мал айырбастаушылар қалаған мезгілде келіп жатқан жерге шаруасы үшін бұл да талай рет келіп қайтқан болар еді ғой.

Қалаға кірер жерде Иман Есетпен қапталдасып, енді Есет батыр тобының әшейін тәртіпсіз жабайы тобыр емес екендігін, қала халқына қөзайым ету үшін салтанатты жағдайда сап түзеп, бас қолбасшының ынғайымен байсалды жұру керектігін айтқан. Алға Есет, онымен қапталдаса Қарагүл мен Әзберген түскен. Бұлардан соң Жорабай мен Иман, Егінбай сапқа тұрды. Осы алты атты нөпір топтың басы еді. Бұлардан кейінгілер бес аттылы бол сапқа тұрган.

«Есет батыр үкіметке өз еркімен берілуге келе жатыр» деген хабар Орынбор халқын қайран қалдырганы сонша, кешеге қеудесінде жаны бар жаннның бөрі шығып, салқын қабакпен аттарын самарқау бастырып, генерал-губернатордың сарайына қарай жылжыған шеруге көз тояттатып тұрды.

Әлі балалыктан айырылмаған жастар қызуланып «Он киргизский богатырь!» деп айқайласа, жасамыстар тандайларын қағысып, Есеттің тұлғасына, катулы қабагына, жан-жағына назар аудармаған тәқаппар түріне таңырқай карасты.

Есеттің нөкерлерімен бірге келетінін естіген Катенин бұларды жан-жакты қоршап, губернатор сарайына дейін ешкімге тигізбей өкелу үшін бір топ қарулы қүзет қойған екен. Олар Есет батыр тобының екі жағын ала жүріп отырды. Губернатордың мұнысы қала ішінде өлдекалай басбузарлар батырларға тас лактырып, көргенсіздік жасай ма деген сақтығы еді.

Губернатор сарайы алдына үкімет · адамдары, дала халқын басқарып жүрген аға сұлтандар, өскери шенділер, сауда мен кенсе адамдары нөпір топ бол жиналып күтіп тұрган.

Орынбордың генерал-губернаторы Александр Андреевич Катенин Есет батыр тобы кенсе аланына келгесін ортаға шығып, бар даусымен масаттана сөйледі. Талай жыл бойына патша үкіметіне бағынбай, оның тәртіпперін аяққа басып, елемей келген дала батыры империяның құдіреті алдында бас иді. Бүгінгі жиын батырдың Ресей мемлекетінің күш-қуатын танығанының анық белгісі деп шаттана дауыстап, еді үкімет батырға өзіне лайық қомқорлығын жасайды, біз бір-бірімізді осыдан былай қарай ізетпен тыңдайтын боламыз деп желпіне сойледі.

Содан соң батырдың келу құрметіне деп қару-жактың үнін шығаруға бүйрек берген.

Сарайдың маңына, алаңға орнатылған бес-алты ауыр зенбіректерден күмпілдеп атылған доптар әлдеқайда зынылдай үшты.

Сарайдың маңын атты және жаяу әскерлер қоршап тұрган-ды. Олар аяқтарын дұрсілдете соғып, етіктерімен әрлі-берлі жер теуіп, әскери адамның бүйрығына орай жер күніренте «уралаумен» болған.

Осы салтанат өтіп болғасын, Катенин енді, батырдың үкіметіне бас ию салтанатына орай, құрметті қонаққа қонақасы берілетінін хабарлаған. Оған мына қыруар жиыннан тек таңдаулылар гана қатысады екен. Оның тізімін оқып шыққан. Есет батыр өзімен келген адамдардың он шақтысын гана іріктеп алған үкімет тізіміне наразылық ретінде егер өзімен бірге келген адамдар түгел қатыспаса, өзінің де және таңдаулы он адамның да қатыспайтынын хабарлаған. Мұндай алалаудан соң ынтымағымызға сызат түседі, ар-намысымыз қорланады. Қазақ салтында тойға алалап шақырмайтын. Біз ренжімейміз, тойларыңды өздерің өткізе беріндер. Ол үшін алғыс айтамыз деген.

Осының бәрін Иман орысшаға аударып жеткізген. Катенин бұл сөзді естігенде абыржып қалса да, тез ақыл тауып кетті. Ондай жағдайда қазір қонақтарды өздерінің салтынша бөлек қабылдаймыз. Құрметіміз ойдағыдай болады деп сендірген.

Әрине, Есет үкімет адамдарының жасаған істерінің бәрін өздерінің құдіретті, қөнбекенді қара күшпен көндіретін зорлықшыл екендіктерін сездіру үшін колданған шаралары екенін үшқыр ойымен дәл түсінген. Әйтпесе соншалықты әскери адамдарды жинап, шеру өткізудің, аланға бірнеше зенбіректі қатар жайғастырып, олардан күмпілдете доп атудың қандай қажеті болды? Бәрі сол қөнбекенді осындай қарумен де бас идіреміз деген сүс көрсетуі екені аян.

Есет тобы үкіметпен арадағы әңгіме аяқталғасын, қаланы асықпай аралауга кіріскең. Мал айдал әкелгендер оларды сатып, пүл жасаған соң, енді елге базарлық алу қамын қарастырған. Есет болса шаруага олақ адам. Сауда-саттықпен ісі жоқ, қаланы атпен аралап шығу үшін қасына солдаттардан күзет қостырып алып, оргалығынан ана шетіне бір, мына шетіне бір шықты. Реті, генерал-губернатор рұқсат еткен болар, Есегті бұлар әскерилердің ойнап жатқан қалашығына да ертіп апарды. Қару-жараптың түрін көрсетіп, таныстырып өтті.

Соларды көргенде Есет таңдайын қағып таңырқар деп ойлаған болу керек. Немесе көзіне қорқыныш үялап, патша өскеріне қарсы соғысқанына өкініш білдіреп деп ойлаған шығар. Әйтеуір, Есептің қай жерде болғанда қандай құбылыста, қандай ойда болғанын мүқият зерттеуге тапсырма алған, қазак тұрмысы мен тілін білетін адамдар оны көзден таса етпеген.

Бірақ Есептің қылышы олар күткендей болмай, қаружараптың түрін көрген сайын батыр оларды қолына үстап қарап, қалай оқташып, қалай атылатынын сұраганы, онымен тұрмай: «Әй, Қарағұл! Әй, Әзберген! Әй, Жорабай!» деп дауыстап, серіктерін шақырып алған сайын: «Ойбай-ау, мынаның жасалтуын қарашы! Тіппі, осыны біздің үсталар да жасай алар еді. Тек темір дүкенін, көрік үйін дұрыстап салып, қызыу құшті қөмір тауып берсөн... Қемірдің қызыуына балқымайтын темір бар ма?!» деп, әрбір құдіретті қаруды көрген сайын қызыға зерттегенін байқағанда, әлгі сырттан зерттеушілер бастарын шайқасып, құпиялап әлденелерді жазып алып жатты.

Косауыз, ұшауыз мылтықтарды көргенде, Есет Жорабайды дауыстай шақырып: «Баяты кетенің атақты шебері Қараустаның шәкіртерінің де колынан келеді мынаны істей!» дегені бақылаушыларды қатты таңдандырган.

Бір күнін Орынбордың төнірегі мен орталығын, камалы мен өскери жатагын, ойын аланы мен қару-жарғын тамашалауға арнаған Есет келесі күнін қанбазарды көруге арнап еді.

Қазақтар «Мұнанай» атап кеткен айырбас сарайын да барып көрген. Ауылдағы бір бақсы тіпті зікір салғанда: «Орыстың салған Мұнанай, қалай тұр еken құла-май?» дегенін естігеп осы жолы есіне түсті.

Базар халқы өр түрлі, әр ұлт пен ұлыстан. Картамен, құмалаклен, айна-сүмен, көпе-шайымен бал ашуышылар да тізіліп отыр. Сыған қатындары да жүгіріп жүр. «Болашағынды болжаймын. Менің айтқаным қате кеппейді» десіл, шылауынча жармасады. Есет бір көркесті қатынның қапталдаса бере қазақшалап: «Батыр, сен көп жыл бойы орыспен алыстың. Бірақ орыстың шабуылын тойтара ала-мадың. Сенің үрпағың азаттық алатын кезді мен бал ашып айтып берем» дегеніне мойын бұра түсіп: «Ал, кәне, шынынды айт. Әйтпесе, мынау қамшымен перепәренді шығарам. Тура болжап, шындық айтсан, ақша берем»,— деп, қалтасынан құміс сөлкебайды сурыып алған.

Мына жағынан жеткен Әзберген: «Ой, батыр, қайтесің.

Бұлар ақша алу үшін мыйжындаі береді. Соның балына не қарап тұр дейсін», — деп құңқ ете қалып еді.

«Жок, қызыққа көрелік. Не айттар екен», — деп Есет тізгін тартты.

«Өзінмен бірге соғысқандардан бір туман Сибириге айдалып кетіпті. Бірақ ол каторгада, енді елге қайтпайды. Соңда оледі», — деді қатын. «Бір досың жақында алысқа көшеді. Соңынан көп адам ермейді. Соңда да болса, онтүстікке көшкелі жұр екен», — деп қатын сайрай тұсті. «Үрпағың сені мақтан ететін болады. Атынды дүние жүзі естіген. Бірақ елің өзір бостандық алмайды. Алда үлкен алаттар тұр. Халқың сол үш-төрт алатта көп қырылады. Тек содан кейін ғана бостандықтың таңы агады».

«Оған дейін қанша жыл бар?» — деп сұрады Есет.

«Көп жыл өтүге тиіс. Орысты орыстың өзі күйретеді. Содан соң ғана қазақ сияқты ұсақ ұлттар құш алады. Өзіне өзі қожалық етеді. Оған дейін бір ғасыр анық өтуі керек», — деді қәркесті сыған қатын.

«Осы бишараның болжамында едәуір шындық бар-ау деймін», — деп Есет таңырқай үн қатты. «Сенін онтүстікке барғың келгенін де болжап тұр ғой. Алдыңғысы екібастан Бекет батырдың тағдыры».

«Жарайды. Отірікке бармаған сияқтысың», — деп сөлкесбайын қатынның қолына салды.

III

Патша үкіметінің басқыншылығына қарсы құрес бейбіт райға аудысан соң, өзі бұрынан айтып жүргендей, Әзберген Хиуа мен Қарақалпақ жағына көшетін болып, ағайынды аралай бастады. Соңына қанша үй ерсе, соны алып жер аумақ. Есет өуелден-ақ батырдың мұндан ойын үшқары санаған.

— Әу, жарқыным, орыс ол жакқа бармайды деп ойлайсын ғой. Олардың аяғына құрмеу болған Кіші жүздің қарсылығы еді. Енді қара да тұр. Бес-он жылда орыстың ғаскері бүкіл Түркістан өлкесін бағындырып, әрі қарай ауған мен Парсыға қарай өңменін созуы мүмкін. Соңда қайда барасың? Жас буынды елден айрып, ағайынға жат еткенде не мұратқа жетесін?..

Бұған Әзберген аздап ойланса да, бұрынғы бағыт алған пигылынан қайтпагандай. Соны байқаган Есет енді оны онша кинала үгіттеген емес. «Бекіренің мандайы тасқа тимей қайтпайды» дейтін қариялар. Бағыт алған

Соларды көргенде Есет тандайын қағып таңырқар деп ойлаған болу керек. Немесе көзіне қорқыныш үялап, патша өскеріне қарсы соғысқанына өкініш білдіреп деп ойлаған шығар. Әйтеуір, Есегтің кай жерде болғанда қандай құбылыста, қандай ойда болғанын мүқият зерттеуге тапсырма алған, қазак түрмисы мен тілін білетін адамдар оны көзден таса етпеген.

Бірақ Есегтің қылтығы олар күткендей болмай, қаружарактың түрін көрген сайын батыр оларды қолына үстап қарап, қалай оқталып, қалай атылатынын сұрағаны, онымен түрмай: «Әй, Қарағұл! Әй, Әзберген! Әй, Жорабай!» деп дауыстал, серіктерін шақырып алған сайын: «Ойбай-ау, мынаның жасалтуын қарашы! Тіпті, осыны біздің үстаптар да жасай алар еді. Тек темір дүкенін, көрік үйін дүрыстап салып, қызыу құшті көмір тауып берсең... Көмірдің қызыуына балқымайтын темір бар ма?!» деп, әрбір құдіретті каруды көрген сайын қызыға зерттегенін байқағанда, өлгі сырттан зерттеушілер бастарын шайқасып, құпиялад әлденелерді жазып альп жатты.

Косауыз, ұшауыз мылтықтарды көргенде, Есет Жорабайды дауыстай шақырып: «Баяғы кетенің атақты шебері Қараустаның шәкіртерінің де колынан келеді мынаны істей?», дегені бакылаушыларды қатты тандандырган.

Бір күнін Орынбордың төңірегі мен орталығын, камалы мен өскери жатағын, ойын аланы мен қару-жарғын тамашалауға арнаған Есет келесі күнін канбазарды көруге арнап еді.

Қазактар «Мұнанай» атап кеткен айырбас сарайын да барып көрген. Ауылдағы бір бақсы тілті зікір салғанда: «Орыстың салған Мұнанай, қалай тұр еken құла-май?» дегенін естігенді осы жолы есіне түсті.

Базар халкы өр түрлі, өр үлт пен ұлыстан. Картамен, құмалаклен, айна-сүмен, қөпе-шайымен бал ашуышылар да тізіліп отыр. Сыған қатындары да жүгіріп жур. «Болашағынды болжаймын. Менің айтқаным қате кетпейді» десіп, шылауынча жармасады. Есет бір көркесті қатынның қапталдаса бере қазақшалап: «Батыр, сен көп жыл бойы орыспен алыстың. Бірақ орыстың шабуылын тойтара ала-мадын. Сенің үрпағың азаттық алатын кезді мен бал ашып айтып берем» дегеніне мойын бұра түсіп: «Ал, кәне, шынынды айт. Әйтпесе, мынау қамшымен пәрепәрәнді шығарам. Тура болжал, шындық айтсан, акша берем»,— деп, қалтасынан құміс сөлкебайды суырып алған.

Мына жағынан жеткен Әзберген: «Ой, батыр, қайтесің.

Бұлар ақша алу үшін мылжындай береді. Соның балына не қарап түр дейсін», — деп күнк ете қалып еді.

«Жок, қызыққа көрелік. Не айтар екен», — деп Есет тізгін тартты.

«Өзінмен бірге соғысқандардан бір туман Сибирге айдалып кетіпті. Бірақ ол каторгада, енді елге қайтпайды. Соңда оледі», — деді қатын. «Бір досың жақында алысқа кошеді. Соңынан көп адам ермейді. Соңда да болса, онтүстікке қошкелі жүр екен», — деп қатын сайрай түсті. «Үрпағың сені мактан ететін болады. Атынды дүние жүзі естіген. Бірақ елің өзір бостандық алмайды. Алда үлкен апаттар түр. Халқың сол үш-төрт апатта көп қырылады. Тек содан кейін ғана бостандықтың таны атады».

«Оған дейін қанша жыл бар?» — деп сурады Есет.

«Көп жыл өтуге тиіс. Орысты орыстың өзі күйретеді. Содан соң ғана қазақ сияқты ұсақ ұлттар құш алады. Озіне өзі қожалық етеді. Оған дейін бір ғасыр анық өтуі керек», — деді көркесті сыған қатын.

«Осы бишарапың болжамында едөүір шындық бар-ау деймін», — деп Есет таңырқай үн қатты. «Сенің онтүстікке барғың келгенін де болжап түр ғой. Алдыңғысы екібастан Бекет батырдың тағдыры».

«Жарайды. Отірікке бармаған сияқтысың», — деп сөлкебайын қатынның қолына салды.

III

Патша үкіметінің басқыншылығына қарсы құрес бейбіт райға ауысқан соң, өзі бұрынан айтып жүргендей, Әзберген Хиуа мен Қарақалпак жағына көшетін болып, ағайынды аралай бастады. Соңына қанша үй ерсе, соны алып жер аумақ. Есет өуелден-ақ батырдың мұндан ойын үшқары санаған.

— Эу, жарқыным, орыс ол жаққа бармайды деп ойлайсың ғой. Олардың аяғына күрмеу болған Кіші жүздің қарсылығы еді. Енді қара да түр. Бес-он жылда орыстың ғаскері бүкіл Түркістан өлкесін бағындырып, өрі қарай ауган мен Парсыға қарай өнменін созуы мүмкін. Соңда қайда барасың? Жас буынды елден айрып, ағайынға жат еткенде не мұратқа жетесін?..

Бұған Әзберген аздап ойланса да, бұрынғы бағыт алған пигылынан қайтпағандай. Соны байқаған Есет енді оны онша қинала үгіттеген емес. «Бекіренің маңдайы тасқа тимей қайтпайды» дейтін қариялар. Бағыт алған

жагынан қайтпайтындығын білгесін, өрі қарай үгіттеуді артық деп есептеген Есет енді оған «Сәт сапар!» деген-нен бөтен не десін.

Бұл екі ортада патша үкіметінің аздаған «кеншілігін» пайдаланып, Есет ауылдарды аралады. Ағайындардың шаруасы шатқаяқтағандарына сөз берін бөз көмегін беру керек деп, мал-мұлік жагынан ауқаттыларға наз айткан.

Осы таяудағы бес-алты жылда кежегесі кейін тартқандарды катарға қосып алмасақ, кейін тым кеш болады. Үрпақ өрбісін. Оның әр қылышы қамқорлығы бар. Үкімет ауқаттылардың, үкіметке жагынғандардың бала-ларын орыс мектебіне оқытуға шақырып жатқаны анау. Тұбінде орысша оқыған балалар кім болып шығады? Мұсылмандығынан жеріп, шоқынып кетпей ме? Бауырларына сатқын бол дүшпандық жасамай ма? Орыс тәрбиесін көрген екі баланың бірі Түймебайдың Тимо-фей аталып, солдат болғанын, акырында қазактарға қарсы соғысып, казак даласында окка үшқаны, басына ағаштан ашамай шашылып, моласы айдалада қалғаны, оны Иманның жас кезінен бері білетіндігі және қазак дегенде жауыздығы он есе артатындығы Есептің есіне осы қазір тана түсіп, біраз қинала ойланып қалып еді.

IV

Айтқанын орындауга үмтүліп үйренген тоңмойындығы ақыры елден кошуге можбүр еткен Әзберген ба-тырға ерген ағайынды шекті жұрты жылап-сықтап шығарып салған. Орыс басқыншылығынан құтыламыз деген жалған үміт жетегіне ерген ағайынды жерлестері кимал еді. Амал не, Әзберген адастырды.

— Елден кол үзбе. Ол жаққа барғанмен, үйрене алмассын. Біраз уақыт оте елді, тұған жерді сағынарсың. Сол кезде өзінді өзің қинамай, тұған, өскен ортаңа қайтарсың, — деді Есет Әзберген көшін шығарып салып тұрып.

— Менің мандай түзегенім Қаразым, оның бергі жағындағы қарақалпақ ағайындар. Қарақалпак бауырлардың осынау елден кошкенине өлі жұз жыл тола жок емес пе. Ағайындардың бауырмалдығын бара кореміз. Жер-су тым қашық емес кой. Баяғы Кенесары ханның баласы Сыздық сұлтан сол жақта корінеді. Тегінде, хан үрпактары сол манда мекен етіп жүрсе керек. Әкесінен он-он бір жаста қалған Сыздық бүгінде жиырманың

үстіндегі жігіт қой. Патша үкіметіне қаны қас қой оның. Мүмкін, құдай қаласа, бір сапта болармыз, — деп Әзберген қоштасарда.

— Ол жақ орысқа толық бағынып болмады десе де, түбінде бакайшағына дейін темір құрсанған жау алмай, бағындырмай қояр дейсің бе! — десіп, шектілер Әзбергеннің бұл қадамын онша ұнатпай, құптамай, бірақ қазақтың «оз қолынды өзің кесесің бе» дегеніндей, ағайыннан безе алмаған. Жылап-сықтап бірнеше көш жерге дейін шығарып салысты.

V

Есетке Орынбордан келген-кеткендер өркілі жаңалық өкелген. Соның бірі — орыс патшасы ендігі жерде қазақ балаларын орыс мектебінде оқытып, тәрбиелеуді қолға алалық деген тұжырымға келгені. Ол үшін қырдағы мұсылман мектебіне орысша біліммен катар мұсылманша да жазу-сызуды менгерген мұғалімдерді қызмет етуге жіберу көзделіп жатса керек.

Орысша сауат ашып, кенселерде қызмет істей бастаған сұлтандар мен төрелердің балалары қазақ ұлтына қалай карайды, ол — басқа мәселе. Қарапайым қазақтардың топшылауынша, орысша білім, тәрбие алғандар өсе келе тасбауыр, қатығез боп шығуы мүмкін деген қауіп те жоқ емес. «Не ексең — соны орасын» деген ежелгі қазақ сөзі тегін дейсің бе?!

Есет ақсақалдардан, өзінің естияр катарларынан осыған үксас пікірді көп естіген. Бірақ қайткен күнде де енді қашып күтылғысыз бұл науқанға ел қосылмай тұра алmas. Әуелі ауқаттылардың балалары, сондан соң орта дәүлеттілердің де балалары орыс оқуына алынар. Әрине, ол мәселеңі шешетіндер патша шенеуніктері, соларға жағынгандар болуы занды.

Есет сияқты патша үкіметіне қарсы күрескен, отарлаушыларды иттің етінен жек көретіндердің балаларына ол жерде орын жоқтығы күмөнсіз. Сондыктан Есет ауылдарды аралаганда ақсақалдарға: «Егер балаларынды орыс оқуына шақырып жатса, шошымандар. Түбінде солардың тілін біліп, өнерін үйренбей үрпағымызға қыын болатын сияқты. Әр аймақтан бірді-екілі баланы орыс оқуына алады екен» дейтін қауесет бар», — дегендे, ауыл қардтары шошыныса шулап қоя берді.

«Ойбай, масқара-ай! Нагыз нәубет енді төніп келе

жатыр десейші. Ол балалар орыс болып шоқынып кет-пегенде қайтеді, орыс оқуын оқығасын? Еріксіз тартып алмаса, беретін баламыз жоқ. Шоқыншиққа айналдырығанша, қара танымай жүргені жақсы. Әйтеуір мұсылман баласы гой».

«Анау өздерің аныз қылып айттын Абылайдың үрпақтары ішінде орыс оқуына жетік адамдар бар көрінеді. Патшага қызмет етіп, шен тағып жүргендері де бар-ау деймін, менің естіл-бітуімше» дегенде, «Абылайдың аруаынан садаға кетсін!» дескен ақсақалдар бір ауыздан.

«Әй, ағайындар! Сендер білмейді екенсіндер гой. Абылайдың өзі де ак патшаның қызметшісіне тізерлеп тұрып ант бергенін» дегенде, «Қой, бекер шығар! Ондай қауесет қашан тараган?» десіп, алгілер таңырқасып қалды.

Бірақ Есет айтқасын, «жалған» деуге дәттері бармады. Бірі-біріне сұракты жүзбен телмірісіп, біреуі «жалған» десе, бәрі ду етіп қостамақ ниетте сияқты.

Ұлу жылы аяқталуға жақын қалған-ды. Келесі жылан келеді бағу жылжып. Қазақтар айтқан гой, «Ұлу ұлытармын депті» дегенді. Ұлытқаны емей не, талайдан бермен орыспен итжығыс түсіп жүрген сарбаздар биыл ойсырап жениліс тауып, қантөгіс болған жоқ па. Оны қойғанда бейқұт халықтың қаншасы қырылды. Алдағы жыланның сұрқы қандай боларын болжап айттар кім бар?

Есет елдегі көрілкел әулиелерді, құмалақшыларды да сүзе жүріп, болжамдарын естуге асыққан. Осы елдін көбісі малдарын қыста Ұлықұм, Кішіқұм мен Қарақұмға, Қызылқұмға қарай айдаса, Есептің ауылы Ұлы Борсықтан онша жылыстамаушы еді. Алдағы қыстың қабагы қандай болары белгісіз. Аякты мал әйтеуір қалыңдыққа салса, тауіп жайылып отын табар-ау. Қынын колға қарайтын үсак мал гой.

Анау кете-ожырайлар болса, аякты малдарын Атыраудың қалыңдығына жайып шығушы еді. Соңғы жылдары балықшы орыстар қамыс-құракты қызғаныш жасап, мал қыстатушылардың тыныштығын бұзады екен деген қауесет бар.

Қазақтың жыл қайырушылары жұт болатын мезгілді алдын ала болжап айттып отырады.

«Жылан жылы жылыс болды. Жылқы жылы – бүліс. Қой жылы сенгір тоғыс болды» деп сайдайды кейбір қарттар. «Жылыс» болды дегендери – көшершілік. Көшершілік кай кезде, не себептен болмақшы? Сөғыс па, жұт па, әлде су тасқыны, сел мен тау көшкіні ме?

Әйтеуір, жылы орнын сұтып жылыштағаның қайбір берекеті бар?! «Жылқы жылы – бүліс десе, ол шапқыншылық, соғыс, үркіншілік десейші. Кой жылы да онбапты. Үш ай тоқсан сенгір тоғыспен етсе, жұт болмаған несі қалды? Міне, қазаққа алдынды болжатсан, осылайша ақырзаманды айнағтай тақап қояды...»

Дегенмен, «жаман айтпай – жақсы жок». Сақтанған үтады. Сақтанбаған – оз қара басын жұтады. Шектілер құмды, қалындықты қыстайтын болғасын, оның үстіне соңғы он бес-жиырма жылда патша жалдалтарының шабуылына ұшырагалы, қысы-жазы кошуден арылмағасын, шөп шабуды қайтсін. Тіпті, кейбір отбасылар соңғы жылдары шалғы орақ түгіл, қол оракты да дүния деп үстамайды.

Оның үстіне көтеріліске қатысқан ру-тайпа ретінде шектілер бұрынғы құйқалы өңірлерден ығыстырылып шығарылып, құм-шағылды шолейттерге, ащылы, ала татыларға қуылып тасталғаны белгілі. Соңғы жылдары «разбойник Есегті үстап, тұрмеге жабамыз» деген сұлтаумен бұл рудың көптеген ауылдарын құм-шағылды шолейттерге де тұрақтатпай, патша әскері қысы-жазы соңына түсумен болғаны аян.

Есет Орынборга барып, үкімет адамдарының алдынан өткелі ел тыныш. Қашанға дейін бұлай болары бей-мағұлым. Анда-санда салық жинаушылар қалың елден жырылып шет қақпай жүрген отбасылар бар ма деп, кен даланы кезіп тізімге алғаны болмаса, үкімет жұтаткан ауылдар тонаудан қалған азын-аулақ малдарын қысқа дейін қондандырып алу қамында.

Есет қасына Қарағұлды, Егінбайды ертіп сол киырдағы ауылдарды кезген. Алдағы қыс – қатал. Жұт болуы мүмкін. Болжамшылар соны айтысып, елді алдын ала сақтандыруда. Ана бір жылдары соғып өткен ит пен доныздың қысында Кіші жұз аталған өлкенің¹ жұтқа ұшырағаны сондай, коптеген ауылдар «таяғын үстап қалды» деген атақ алғаны бар.

Екі бірдей жаман жылдың қабаттаса ұрғаны аздай, ол тұста Орынбор генерал-губернаторы Перовский осы елдің жегінге жарақты түйесін тігерге түяқ қоймай сипырып алған-ды. Ақмешіт қамалын шауып аламын деген ұлық бай-жарлы деп қараған жок. Сол себепті жазда жайлауга шығатын ел бірден жатаққа айналған. Қол-

¹ 1838–1939 ит пен доныз жылдары.

дағы қой-ешкі мен сауын сиырға жүк арта алмайсың гой. Ал түйе малын үкімет сиырып алып, қару-жарак, азық-тұлік, өскери адамдарды тасымыз деп, Ақмешіт-жорығына шығар жолда қырып салған Бүгін Есет серіктімен бірге сол баяғыда «лау жолы» аталған сүрлеумен жүріп келеді. Ауыр зенбіректерді, басқа да соғыс қаруын сүйреген донғалактар ізі өлі терен. Қанша жыл өтсе де жердің жарасы жазылып үлгерменті. Кейбір жерлерге шөп ессе де, көпжылдық қурай, бұталар тамырын тәренге салып болмаған.

Есеттің ауыр ойға қалып, көзіне сол алапат жылдардың ауыртпалығын елестетіп келе жатқанын сезді ме, Егінбай:

— Аға, мынау баяғыда Ақмешітке жорық жасаған лау жолы гой, ә? — деп қалып еді.

— Е-ей, шырагым-ай! Бұл лау жолы емес, лаң жолы болған. Елге лаң салған жол гой! — деп күрсінді.

Есеттің айтқанын дөлелдегендей, сорабы терен сүрлеудің екі бетінде аксөнкеленіп қурап қалған ірі майдың бастары мен қаңқалары өлі шашылып жатқан. Санап болар емес, тіпті көп!..

Есеттің есіне осы сүйектерді көргенде сауынсыз, көліксіз қалған ел аналарының күл сабап қарғанып отырғаны есіне түсіп, көзіне елестеді.

— Тұқымын гүздай құрғыр Перауыз!.. Малымыздың төрт аяғы төбенде ойнасын! Көрінде тегін жатпа, тексіз ит!.. Аштан өлген, октан өлген ұландарымыздың екі қолдары жағанда ойнасын, тексіз неме!.. Жазанды Жаратқан иемнен тап!.. — деп көздерінің жастары сорғалап отырған талай аналарды көріп еді гой сол тұста.

Сол үшін де Есет күрес жолына түсін. Әйтпесе тастай алмай жүрген жаңы бар ма еді. Әйтпесе бұл темір құрсанған мың сан колға қарсы шығатындей, жансыз тажал ма еді. Бөрі өтті гой енді бір күнгідей болмай. «Күш атасын танымайды» деген расқа айналды. Қара күшке бағынды. Сөйтсе де рухы өлі карысып сірексен күйі. Іште жібімейтін тон. Отарлаушыларға деген ыза-кек мөңгі мұзға айналған.

Анада патша үкіметіне өз аятынан барып бағыныштылық танытқанда Есет ақсақалдармен де, аймақтағы ағайынның атаққа шыққандарымен де ақылласып, көнекес сұраған. Соны елден естіген болу керек, төртқара руының ел билігіне еңсе сала араласып жүрген бір жасы бүған хат жолдапты. Сердалы Бекшораұғлы дейді екен

жүзік мөріндегі жазуда. «Маған ақыл-кеңес беретіндей ол кім?» деп шоршыған жоқ. Ойпырмай, мына жастың жазуы да ел тыңдайтындағы екен.

— Өзі қай жаста екен? Патшаға қашаннан бермен қызмет етіп жүр екен? — деп мұқият сұрап еді.

— Естуімізше, Арас тенізіндегі Райым қамалын салысуга ат салысыпты. Одан кейінгі бір қызметі Қазалыдағы бекініс қамалдың салынуына тікелей үлес қосуы болса керек. Өзі орыстар осы жаққа аяқ басқалы олармен аралас-құралас болып алғанға үқсайды. Себебі орысша тілге жүйрік дейді ғой... — десті жүргт.

— Олардың тілін үйреніп, окуын оқып қана біз өзіміздің талабымызды жеткізе аламыз. Тен түрмәғанмен, тендік сұрай аламыз депті сол жігіт, — дейді Сердалыны сыртынан көргендер.

«Қазақ балаларын орысша-қазақша мектепке алып жатыр» деген хабар тарағалы қашан.

Оған бала сұрағанда, ауқатты қарттар «ойбай, көпір болып, шоқынып кетеді» деп, өз балаларының орнына ақы беріп, кедейдің балаларын бергізгені Есептің есіне енді түседі. Солардың біразы бүгінде үкімет қызметін атқарып, ең нашар дегені «песір» атандып, жоғарыға жазылағын арыз-шағым үшін пара алып жүргенін де естіген.

— Аға, енді бір қыр ассак, Райым бекінісінің үстінен түсеміз, — деді Егінбай Есетке жете беріп. Артта келе жатқан Қарағұл мен Домалак, Имандар «батырға хабар бер» деген ғой. Онысы «Енді алдан бекіністің күзетшілері шығады» дегені. Әрине, ол үшін рұқсат керек. Қамалдың өзі түгіл, оның қасынан өткен кісіні тұтқындағын әскерилер тап қазір алдарын кес-кестейтіні есіне түсken Есет төс қалтасын сипады. Сонда еді рұқсат қағазы. Қай жерге барса да көрем, аралаймын деген жеріне еркіндік берген онда батырға...

VI

Есет өзінің серіктерімен бірге Райым бекінісін аралап, енді теніз маңындағы ауылдарға бет түзеген. Сондағы сақтандырайын дегені алдағы қыстың тым қаталдығы. Осы бастан қамцарынды жасай бер деген қамқор сез. Әйтпесе шауып алатын шабыны жоқ, жазда жайылымы күнге күйіп, оты сүйүлған далада өр бұтаның түбін жайлап, қысталап жүрген ел құм-шағылдарды паналамаса, алдағы қыста аксирақ бол жұтауы мүмкін еді.

Сондықтан қыста құм ішіне апарып тігетін киіз үйлерді жамап-жасқап, ықтасын болатын тал мен қамыс сиякты осімдіктерді дайындал алған жөн. Әйтеуір қапы қалмау керек.

Қолдарында қомақты малы барларға биылғы қыста малды қостанып алыстағы қамбаларға, қорықтарға айда-са, сонда қыс бойы киіз үйде тұрып шықса қайтер еді?!

Кете-ожырайлар баяғы Әжібай бидің заманынан бермен Атыраудың қүййысын қыста мал қыстатуға арнап келеді. Қоңе көз қарттар айтушы еді. Баяғы кете мен шектінің билері Әжібай мен Бақтыбай, Сәнкібай заманында айтулы жұттар болғанын. Сол тұста ел тізгінің ұстаған ақсақалдар Еділ-Жайықтың арасында жатқан құнарлы қорықты орыс патшасының өкілдеріне барып, мал қыстатуға сұрап алған екен. Кейін Пауыл I-нің тұсында Бекей ханға адам салып, алшынның атақты билері осы аймакты түпкілікті қоныс-жайлауға айналдырған сол баяғы Есболай мен Әжібайдан, Бақтыбайдан басталған деп. Патша үкіметі ол кезде өз мұдлесін көздегенге үксайды. Бұл кең аймакты ел қонысына айналдырғанда, көшіп-қонып, кеңістікті айқай-сүренге толтырып, бірде тату, бірте кату, алашапқын барымтага ұластырған асau ел байырқасын, тар қонысқа сыйысып, отырықшылансын дегенді ұстаным еткен көрінеді. Кейбіреулер «патша жерсіз қалған, құнарлы жайылыс пен қүйқалы шабындықтан кедей елге аяғандықтан көмектесті» дескені де бар еді. Олар, әрине, хан, сұлтандардың тұқымы болатын.

Алда жылжып келе жатқан жылан жылының қысы, тіршілік болса, жылқы жылына ұласуы тиіс. Қазақ осы екі жылды да, тіпті жылқыға ілесе келетін қойды онша ұнатпаған екен. Қарттар Ресей патшасынан елші келетін жылды «доңыз» дейтін. Әблқайыр сол жылы мереій үstem елмен ымыраға келмеуі керек еді деген пікір де осы кезге дейін тірі.

Бір ойды бір ой ығыстырып, қамалдан аулақтай бере бүтінгі сапарды тағы да бір зерделей тұспіті...

Батырдың серіктерінің қаупі расқа айналды. Бұлар Райым бекінісіне таяла бере алдан қарулы солдаттар анталай шыққан.

— Кейін, кейін! Токта!..

— Стрелять будем, — деген сақалдары шылымның тұтінімен ысталған, мұрттары құлақтарына жеткен өнекей бір көркестілер екен. Бұлар шыбыртқыларын үйіріп,